



CIVIL
CENTER
ALMATY

№ 327.7

04.11.2024г.

Ақпараттық Бюллетень Алматы қаласының азаматтық орталығы

Құрметті оқырмандар!

Алматы қаласының азаматтық орталығы ақпараттық бюллетень шығарады, онда сіз Қазақстанның Азаматтық секторының жаңалықтарын, қызмет туралы, көрсетілетін қызметтер, іс-шаралар туралы және Сіздің ұйымыңыздың жобалары туралы материалдарды орналастыра аласыз.

Мазмұны

<i>Алматыда әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау туралы дөңгелек үстел.</i>	2
Шымкент қаласында Еуропалық Одақтың қолдауымен мемлекеттік бағдарламаларға мониторинг жүргізу бойынша семинар отуде.	3
«Қайсар Жүрек» Қоғамдық Қоры Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының	4
Еуразиялық Құрылтай 2024	5
Біздің ақпараттық бюллетеньді кім алғысы келеді?	6
Біз туралы	7

Маңызды ақпарат

МҮГЕДЕКТЕР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН
МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРА

**ШЕКСІЗ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ**

Мүмкіндігі шектеулі жандардың жұмыстарының
көрмесі
Шығармашылық шеберлік мастер-кларстар

2-5 желтоқсан | Қазақстан Республикасының
Орталық мемлекеттік мұражайы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі бірлескен күш форумы

Өтетін күні, орны, уақыты:

2024 жыл, 14 қараша, сағат 10.00

Алматы «PrintMedia Technologies» колледжі, Шевченко к., 202, мәжіліс залы, 1 қабат

«Парасатты ұрпақ үшін» Қоғамдық Қоры мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, БАҚ өкілдері мен қоғам белсенділерін «Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам – принциптен әрекетке» тақырыбындағы Форумға қатысуға шақырады.

Форум Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы және Алматы қаласы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментімен серіктестік аясында өткізілуде.

Іс-шараның мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың стратегиялары мен әдістерін әзірлеу және талқылау, мемлекеттік бағдарламалардың ашықтығы мен тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке халықтың сенімін нығайту үшін қоғамның түрлі секторларының күш-жігерін біріктіру.

Форум сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы сарапшылардың, мемлекеттік, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың, бизнес секторы мен БАҚ өкілдерінің қатысуымен жаңа интерактивті форматта өтеді.

Пікірталас алаңында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мемлекеттік институттардың алдында тұрған негізгі міндеттер талқыланып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің табысты істерінің тұсаукесері, тәжірибе алмасу жарияланады, мемлекеттік органдардың халықпен жұмыс жасайтын мониторингі мен есеп беруін жақсарту бойынша нақты шаралар ұсынылатын болады.

Форумға қосылыңыз және адалдық, ашықтық, әділдік үшін жаһандық қозғалыстың бір бөлігі болыңыз!

Тіркелуге ссылақ:

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSfCbx8-S0GtJBYbr5g6YZMy8I9jBvq1Yx32_6ODLRHm0n5oYA/viewform?usp=sf_link

Іс-шараға тіркелу, қосымша ақпарат алу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша үздік идеялар мен табысты тәжірибелерді таныстыруды қалайтындар үшін байланыс ақпараты:

Марат Қалимолдин, whatsapp - 8 705 305 75 98, Эльмира Таубаева, whatsapp - 8 747 545 48 28, e-mail: kalimoldin_marat@mail.ru elia-80@mail.ru

Шымкент қаласында азаматтық қоғам ұйымдары мен БАҚ өкілдерінің қатысуымен маңызды семинар өтті
Тренингтің негізгі тақырыптары:

- * БАҚ-пен жұмыс істеу принциптері: журналистермен және редакторлармен қалай байланыс орнату керек.
- * Баспасөз хабарламалары мен медиа-жоспарларды дайындау.
- * Азаматтық бастамаларды ілгерілету үшін әлеуметтік желілер мен цифрлық платформаларды пайдалану.
- * Ақпараттық науқандар мен баспасөз іс-шараларын ұйымдастыру бойынша тәжірибелік жағдайлар.

Іс-шараның басты мақсаты – мемлекеттік бағдарламалардың мониторинг нәтижелерін тиімді тарату әдістерін талқылау және үйрету болды. Семинар барысында қатысушылар журналистермен өзара әрекеттесуді күшейту, ақпаратты қоғамға дұрыс жеткізу жолдарын және қоғамдық бақылаудың рөлін арттыруды үйренді. Бұл шара азаматтық қоғам мен БАҚ арасындағы серіктестікті нығайтуға үлкен үлес қосты.
Қатысушылардың айтуы бойынша:

“Бұл семинар бізге журналистермен ынтымақтастықты қалай орнатуға және ақпаратты қоғамға жеткізу әдістерін жетілдіруге көмектесті. Алған біліміміз болашақта қоғамның хабардарлығын арттыру және мемлекеттік бағдарламалардың ашықтығын қамтамасыз ету үшін маңызды құрал болады”.
“Бұл оқыту барысында біз ақпаратты қоғамға жеткізу үшін журналистермен нәтижелі жұмыс жасаудың, өзара тиімді байланыс орнатудың және деректерді сенімді әрі түсінікті түрде ұсынудың әдістерін меңгердік. Семинардан алған тәжірибеміз азаматтық қоғамның мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына қатысты хабардарлығын арттыруға көмектеседі, деген кері байланыс айтып кетті.

«Қайсар Жүрек» қоғамдық қоры Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының "Тәуелсіздік тұғырым атты жобасының аясында Желтоқсан көтерілісіне қатысушы Ляззат Асановаға арналған «Ақжазықтың ақмандай аруы» атты шығармашылық жыр кешін өткізді.



Іс -шараға Алматы қаласының мектеп оқушылары қатысты. Оқушылар патриоттық бағыттағы өлеңдерді мәнерлеп оқыды, басымдық көңіл авторлық шығармашылыққа берілді. Байқаудың нәтижесі бойынша "Бас жүлде", 1-2 -3 орындарға иеленген жеңімпаздар дипломдармен мен бағалы сыйлықтармен марапатталанды. Жоба желтоқсан қаһандармандарының азаматтық ерлігін жоспарлы түрде насихаттауға және жастардың бойында ұлтжандылықты нығайтуға бағытталған



Еуразиялық Құрылтай 2024

«Тұрақты болашақ үшін әлеуметтік инновациялар»

Іс-шараның мақсаты: ESG және әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы табысты кейстерді таныстыру, тәжірибе алмасу, сондай-ақ стратегиялық әріптестіктер орнату үшін көшбасшылар мен сарапшыларды біріктіру.

Сізді не күтіп тұр:

- Әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы сарапшылармен және көшбасшылармен кездесулер. Ең үздіктерден үйреніңіз, біліміңізді кеңейтіңіз және өзіңіз үшін жаңа белестерді ашыңыз!
- Тәжірибе алмасу және үздік эксперттердің сәтті табыс тарихынан шабыт алыңыз және жобаларыңызды жаңа идеялармен дамытыңыз.

Сіздің бастамаларыңызды масштабтау және қолдау үшін инвесторлар мен серіктестерді іздеңіз.

Интерактивті платформалар

Өзекті ақпарат алу, деректер мен аналитикаға қол жеткізу және жобаларыңызды нығайтуға көмектесетін зерттеулер үшін сандық шешімдерді пайдалану.

Оқыту

Бизнес-процестерге КӘЖ принциптерін енгізудің эксклюзивті білім беру материалдарына, практикалық құралдарына және инновациялық әдістеріне қол жеткізіңіз.

Құрылымдық сессиялар

Бизнес, қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік құрылымдар өкілдері арасында тиімді байланыс орнату үшін сессиялар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастыру.

Мотивация

Форумның конкурстық бөлігіне қатысыңыз, КӘЖ және әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы үздік жетістіктеріңіз үшін марапаттарға ие болыңыз.

Медиа қолдау

Үздік кейстер бұқаралық ақпарат құралдарында және цифрлық платформаларда үздік тәжірибелерді ынталандыру және қоғамдық қызығушылықты арттыру үшін белсенді жарияланады.

Серіктестік

Қайырлы күн, құрметті әріптестер. Civil Center Almaty (Алматы қаласының азаматтық орталығы / Алматы Азаматтық орталығы).

Біз сіздермен жақсы жаңалықтармен бөліскіміз келеді. Біз әлеуметтік желілердегі файл пішімін жаңарттық.

Instagram|Facebook| Telegram:

@CivilCenterAlmaty;

civilcenteralmaty


@CivilCenterAlmaty

Пошта арқылы жіберу де өзекті , сіз ҮЕҰ саласындағы алғашқы гранттар мен конкурстар, оқиғалар туралы біле аласыз.

Біздің ақпараттық бюллетеньді кім алғысы келеді?

Біздің менеджерге поштаңызды жіберіңіз, ол сізді біздің ақпараттық бюллетень базасына қосыңыз.

Сіз өзіңіздің поштаңызды және тұрғылықты жеріңізді көрсетуіңіз керек.



Алматы қ. "ақпараттық-ресурстық орталық" ҚҚ 2005 жылы ҮЕҰ қалыптастыру және қалыптастыру үшін қолайлы орта құруға жәрдемдесу, әлеуметтік әріптестікті табысты дамыту перспективасымен әлеуметтік қызметтерді кәсіби ұйымдастыруға көмектесу мақсатында құрылды.

Алматы қ. ақпараттық-ресурстық орталығы ҚҚ қызметін барлық бейінді бағыттары бойынша коммерциялық емес ұйымдар арасында ақпараттық алаң құру үшін жұмыс істейді.

- ◆ Алматы қ. "ақпараттық-ресурстық орталық" ҚҚ қызмет көрсетеді:
- ◆ ҮЕҰ қызметі, жұмыс тәжірибесі, талдамалық зерттеулер және өткізілетін іс-шаралар туралы ақпаратты қазақ және орыс тілдерінде үнемі тарату бойынша;
- ◆ ҮЕҰ іс-шарасына ақпараттық қолдауды қамтамасыз етеді;
- ◆ Алматы азаматтық орталығының сайтында ақпаратты (жаналықтар, конкурстар, хабарландырулар, гранттық қолдау) орналастыруды қамтамасыз етеді www.civilcenteralmaty.kz
- ◆ Жаңартылатын дерекқорға және электрондық кітапханаға қол жеткізу;
- ◆ Жобаларды жазу, менеджмент, әлеуметтік маркетинг, ақпараттық технологияларды енгізу, сайттарды басқару және қолдау бойынша оқыту семинарларын өткізеді.

Алматы қ., Сәтпаев к-сі, 30/8, 139 кеңсе

Call-center: +7 (727) 398 95 25

Эл. пошта: info@civilcenteralmaty.kz

info-rc@inbox.ru

Сайт: www.civilcenteralmaty.kz



Civilcenteralmaty



"Ақпараттық-ресурстық орталық" қоғамдық қоры Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қаржылық қолдауымен Алматы азаматтық орталығының жұмысын қамтамасыз етеді